



«Бекітемін»
«Балбөбек» жеке балабақшасы
меңгерушісі: А.К.Бисенова

Жас мамандармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Кіммен өтеді	Уақыты	Жауапты адам
1.	Жас тәрбиешілерді тәжірибелі тәрбиешіге бекіту	Хабарлама	пед.ұжым	қыркүйек	менгеруші, әдіскер
2.	Жас мамандардың сұрақтары, тілектері бойынша кеңес	Кеңес	жас мамандар	оқу жылы барысында	менгеруші, әдіскер, тәлімгер
3.	Тәжірибелі тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру	ҮІӨ	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер
4.	Жас тәрбиешінің балалармен жұмыста жеке жұмыс жүргізу бағытын жоспарларға көмектесу	жоспар құру	жас мамандармен	қыркүйек	әдіскер, тәлімгер тәрбиеші
5.	Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мақсатында көмек көрсету	бақылау, кеңес	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер, тәлімгер тәрбиеші
6.	Жас тәрбиешілердің топ құжаттарының дұрыс жүргізілуін қадағалау	Бақылау	жас тәрбиешілермен	қараша	менгеруші, әдіскер
7.	Ашық есік күндерін ұйымдастыруына көмек көрсету	ҮІӨ-ге қатысу	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер
8.	Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс әрекетін, ертеңгілік, сауық, семинар т.б. өткізуіне көмек көрсету	Кеңес	пед.ұжым	оқу жылы барысында	әдіскер, тәлімгер тәрбиеші
9.	Жас мамандардың бір жылғы жүргізген жұмысына талдау	Талдау	Әдістемелік кеңесте	мамыр	жас маман

БҮЙРЫҚ № 1

«09» қыркүйек 2025 ж.

Жас тәрбиешілерге тәлімгер бекіту туралы

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, кәсіби құзыреттілігін дамыту және жұмысқа бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Тәжірибелі тәрбиеші Г.Х. Шынғалиева жас тәрбиеші Гумарова Назгүл Салауатқызына, Б.А.Аманғалиева дене шынықтыру нұсқаушысы Жәрдем Ерсұлтан Ернұрұлы үшін тәлімгер болып бекітілсін.
2. Тәлімгер
жас тәрбиешіге оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауда әдістемелік көмек көрсетсін;
ашық сабақтар мен іс-шараларды ұйымдастыру бойынша кеңес берсін;
құжаттарды жүргізу тәртібімен таныстырсын;
кәсіби шеберлігін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізсін.
3. Жас тәрбиеші:
тәлімгердің ұсынымдарын орындасын;
кәсіби даму жоспарына сәйкес жұмыс жүргізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

«Балбөбек» жеке балабақшасы меңгерушісі



А.К.Бисенова

Жас мамандардың сұрақтары бойынша кеңес.

Жас маманның сұрақтары

1. Күнделікті оқу қызметін қалай тиімді жоспарлауға болады?
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс?
3. Тәрбие жұмысының құжаттарын дұрыс жүргізу тәртібі қандай?
4. Ата-аналармен жұмысты қалай ұйымдастырған тиімді?
5. Топтағы тәртіпті сақтаудың тиімді жолдары қандай?
6. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке қалай дайындалу керек?
7. Заманауи педагогикалық технологияларды қалай қолдануға болады?

Жас маманның тілектері

- * Тәжірибелі әріптестерден тұрақты әдістемелік көмек алу.
- * Сабақтарға қатысып, тәжірибе алмасу мүмкіндігін жасау.
- * Құжаттарды рәсімдеу бойынша практикалық көмек көрсету.
- * Кәсіби шеберлікті арттыруға бағытталған семинарлар ұйымдастыру.
- * Қиын жағдайларда кеңес беру және қолдау көрсету.

Тәлімгердің кеңестері

- * Жұмысты алдын ала жоспарлап, күнтізбелік жоспарды жүйелі жүргізу.
- * Балалармен қарым-қатынаста сабырлы және әділ болу.
- * Әр баланың жеке ерекшелігін ескеруге тырысу.
- * Өздігінен білім алуға уақыт бөліп, жаңа әдістерді меңгеру.
- * Әріптестердің тәжірибесін бақылап, тиімді тұстарын қолдану.
- * Ата-аналармен ашық және сыйластық қарым-қатынас орнату.
- * Жұмыстың нәтижесін талдап, үнемі кәсіби дамуға ұмтылу.

Тәжірибелі тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру

Ұйымдастыру кезеңдері

1. Дайындық кезеңі

- * Оқу іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтау.
- * Қажетті көрнекіліктер мен дидактикалық материалдарды дайындау.
- * Оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау.

2. Кіріспе бөлім

- * Балалардың назарын сабаққа аудару.
- * Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.
- * Қызығушылықтарын ояту үшін ойын, жұмбақ, әңгіме немесе сұрақтар қолдану.

3. Негізгі бөлім

- * Жаңа білімді түсіндіру.
- * Практикалық тапсырмалар орындату.
- * Ойын элементтері мен белсенді оқыту әдістерін пайдалану.
- * Балалардың өздігінен жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

4. Қорытынды бөлім

- * Өтілген материалды бекіту.
- * Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізу.
- * Балаларды мадақтау және бағалау.

Тәжірибелі тәрбиешінің жас маманға беретін кеңестері

- * Сабақтың мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек.
- * Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау қажет.
- * Әр баланың жеке ерекшелігін ескеру маңызды.
- * Көрнекілік пен ойын технологияларын тиімді пайдалану керек.
- * Сабақ соңында міндетті түрде қорытынды жасалып, нәтиже талдануы тиіс.

Күтілетін нәтиже: балалардың танымдық белсенділігі артып, білімді меңгеру деңгейі жоғарылайды, ал жас маман ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізудің тиімді тәжірибесін меңгереді.

Жас тәрбиешінің балалармен жеке жұмыс жүргізу жоспары

Мақсаты:

Балалардың жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қолдау.

Міндеттері

Әр баланың даму деңгейін анықтау.

Қиындық көріп жүрген балаларға жеке қолдау көрсету.

Дарынды балалардың қабілеттерін дамыту.

Сөйлеу, ойлау, есте сақтау және зейін дағдыларын жетілдіру.

Балалардың өзіне деген сенімділігін қалыптастыру.

Жұмыс бағыттары

1. Тіл дамыту бойынша

Мақсаты: сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.

Жұмыс түрлері:

Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

Жаңылтпаштар мен тақпақтарды жаттау.

Сұрақ-жауап ойындары.

Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар.

2. Танымдық даму бойынша

Мақсаты: логикалық ойлауын, есте сақтауын және зейінін дамыту.

Жұмыс түрлері:

Дидактикалық ойындар.

Пазл, құрастырғыштармен жұмыс.

Салыстыру, топтастыру тапсырмалары.

Қарапайым математикалық ұғымдарды бекіту.

3. Әлеуметтік-коммуникативтік даму бойынша

Мақсаты: қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Жұмыс түрлері:

Рөлдік ойындар.

Әңгімелесу.

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту жаттығулары.

Бірлескен тапсырмалар орындау.

4. Шығармашылық даму бойынша

Мақсаты: қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жұмыс түрлері:

Сурет салу.

Мүсіндеу.

Жапсыру.

Музыкалық-ырғақтық ойындар.

Айлық жеке жұмыс кестесі

Бала аты	Қиындықтары	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрі	Күтілетін нәтиже
Маржан	Дыбыстарды анық айтпайды	Тіл дамыту	Артикуляциялық жаттығулар	Дыбыстарды дұрыс айту
Мұстафа	Зейіні тұрақсыз	Танымдық даму	Логикалық ойындар	Зейіннің артуы
Айзере	Ұялшақ	Әлеуметтік даму	Рөлдік ойындар	Еркін қарым-қатынас жасау

Күтілетін нәтиже

Балалардың жеке даму көрсеткіштері жақсарады.

Сөйлеу, ойлау және қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Балалардың өзіне деген сенімділігі артады.

Әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері ашылады.

Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру мақсатында көмек көрсету

(кеңес беру)

Мақсаты: Балалардың күн тәртібін сақтауға дағдыландыру, уақытты тиімді пайдалануын қалыптастыру және тәртіп ережелерін меңгерту.

Міндеттері:

- Балаларды күн тәртібінің кезеңдерімен таныстыру.
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге уақытылы қатысуға үйрету.
- Өзін-өзі күту және дербестік дағдыларын дамыту.
- Тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеу.

Жұмыс түрлері:

- Таңертеңгі қабылдау кезінде балалармен жеке әңгімелесу.
- Күн тәртібінің реттілігін суреттер мен белгілер арқылы түсіндіру.
- Киіну, шешіну, қол жуу, тамақтану кезінде жеке көмек көрсету.
- Ұйқыға дайындалу және тынығу мәдениетін қалыптастыру.
- Уақытында ойыннан ұйымдастырылған іс-әрекетке ауысуға үйрету.
- Күн тәртібін сақтаған балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар күн тәртібін сақтауға дағдыланады.
- Өзін-өзі күту дағдылары қалыптасады.
- Тәртіптілік пен жауапкершілік деңгейі артады.
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қызығушылықпен және уақытылы қатысады.
- **Бақылау және көмек көрсету**

Мақсаты: Балалардың жеке ерекшеліктерін, мінез-құлқын және даму деңгейін бақылау арқылы дер кезінде қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Баланың күнделікті іс-әрекетін жүйелі бақылау.
- Қиындық туындаған жағдайда жеке көмек көрсету.
- Баланың жетістіктері мен даму динамикасын анықтау.

- Ата-аналармен және мамандармен бірлесіп жұмыс жүргізу.

Жұмыс түрлері:

- Балалардың ойын, оқу және тұрмыстық әрекеттерін бақылау.
- Қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін қадағалау.
- Тапсырмаларды орындау барысында жеке нұсқау беру.
- Қажет болған жағдайда қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Баланың жетістіктері мен қиындықтарын тіркеп отыру.
- Мадақтау және ынталандыру әдістерін қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың жеке қажеттіліктері уақытылы анықталады.
- Қиындықтарды жеңуге қажетті қолдау көрсетіледі.
- Баланың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы жақсарады.

Жас тәрбиешілердің топ құжаттарының дұрыс жүргізілуін қадағалау

Мақсаты: Топ құжаттарының талапқа сай, уақытылы және сапалы жүргізілуін бақылау, жас тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету.

Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау.

Бақылау барысында қарастырылатын мәселелер:

- Топ құжаттарының толықтығы және талапқа сәйкестігі.
- Перспективалық және күнтізбелік жоспарлардың дұрыс толтырылуы.
- Балалардың қатысу табелінің уақытылы жүргізілуі.
- Бақылау, диагностика және мониторинг материалдарының рәсімделуі.
- Ата-аналармен жұмыс құжаттарының жүргізілуі.
- Қауіпсіздік және нұсқаулық журналдарының толтырылуы.

Әдістері:

- Құжаттарды зерделеу.
- Әңгімелесу және кеңес беру.
- Құжаттарды салыстырмалы талдау.
- Әдістемелік көмек көрсету.

Қорытындысы:

- Құжаттарды жүргізудегі оң тәжірибелер анықталады.
- Кемшіліктер мен қателіктер бойынша ұсыныстар беріледі.
- Жас тәрбиешілерге құжаттарды дұрыс рәсімдеу бойынша әдістемелік қолдау көрсетіледі.
- Құжаттаманы жүргізу сапасы жақсарады.

Күтілетін нәтиже: Жас тәрбиешілер топ құжаттарын нормативтік талаптарға сәйкес, сауатты және жүйелі түрде жүргізеді.

ҮІӨ-ге қатысу: Ашық есік күндерін ұйымдастыруына көмек көрсету

Мақсаты: Жас тәрбиешілерге ашық есік күндерін сапалы ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік көмек көрсету, кәсіби шеберлігін арттыру.

Жұмыс мазмұны:

- Ашық есік күнінің жоспарын құруға көмектесу.
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттің (ҮІӨ) мақсаты мен міндеттерін нақтылауға бағыт беру.
- Қолданылатын әдіс-тәсілдер мен көрнекіліктерді таңдауға кеңес беру.
- Дамытушы орта мен топ бөлмесін безендіруге қолдау көрсету.
- ҮІӨ-ге қатысып, педагогтің жұмысын бақылау.
- Іс-шара соңында талдау жүргізіп, кері байланыс беру.
- Тиімді тәжірибелерді атап өтіп, жетілдіру жолдарын ұсыну.

Күтілетін нәтиже:

- Ашық есік күні жоспарлы және мазмұнды өткізіледі.
- Жас тәрбиешінің ұйымдастырушылық және педагогикалық құзыреттілігі артады.
- Ата-аналармен өзара байланыс нығаяды.
- ҮІӨ сапасы жақсарып, педагогтің кәсіби сенімі қалыптасады.

Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін, ертеңгіліктерді, сауықтыру шараларын, семинарларды және басқа іс-шараларды өткізуіне көмек көрсету (Кеңес)

Кеңестің мақсаты: Тәрбиешілерге іс-шараларды тиімді жоспарлау және жоғары деңгейде ұйымдастыру бойынша әдістемелік қолдау көрсету.

Кеңес беру барысында:

- Іс-шараның мақсаты мен міндеттерін нақты анықтау.
- Жас ерекшеліктеріне сай әдіс-тәсілдерді таңдау.
- Балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету жолдарын қарастыру.
- Көрнекілік пен техникалық құралдарды тиімді пайдалану.
- Уақытты дұрыс жоспарлау және кезеңдерді үйлестіру.
- Қауіпсіздік талаптарын сақтау.
- Іс-шара соңында қорытындылау мен рефлексия жүргізу.

Ұсыныстар:

- Балалардың қызығушылығын арттыратын ойын элементтерін енгізу.
- Әр баланың қатысуына мүмкіндік жасау.
- Музыка, қимыл-қозғалыс және шығармашылық тапсырмаларды үйлестіру.
- Ата-аналарды тарту мүмкіндіктерін қарастыру.
- Іс-шарадан кейін талдау жасап, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау.

Күтілетін нәтиже: Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін және түрлі іс-шараларды сапалы жоспарлап, нәтижелі өткізеді, кәсіби шеберлігі артады.

Жас мамандардың бір жылдық жұмысына талдау

Мақсаты: Жас мамандардың бір жыл ішінде атқарған жұмыстарының нәтижесін саралау, кәсіби осу деңгейін анықтау және алдағы жұмыс бағыттарын белгілеу.

Талдау нәтижесі: Оқу жылы барысында жас мамандармен жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оларға әдістемелік көмек көрсетіліп, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, құжаттарды жүргізу, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс жасау бағыттарында қолдау берілді.

Жас мамандар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуде мемлекеттік стандарт талаптарын басшылыққа алып, заманауи педагогикалық технологияларды қолдануға талпыныс танытты. Жыл бойы ашық оқу қызметтерін, ертеңгіліктерді, сауықтыру шараларын, көрмелер мен түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысты.

Топ құжаттарын жүргізу барысында жоспарлау мен құжаттарды рәсімдеу дағдылары қалыптасты. Бастапқы кезеңде кездескен кейбір қиындықтар уақытылы берілген кеңестер мен әдістемелік көмектің нәтижесінде түзетілді.

Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында кеңестер, семинарлар, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде олардың педагогикалық құзыреттілігі артып, балалармен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната білу дағдылары жетілді.

Жетістіктері:

- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін сапалы жоспарлау және өткізу дағдылары қалыптасты;
- Топ құжаттарын жүргізу сапасы жақсарды;
- Балалармен жеке жұмыс жүргізу тәжірибесі жинақталды;
- Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруда белсенділік танытты;
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмысы жолға қойылды.

Әлі де назар аударуды қажет ететін бағыттар:

- Инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану;
- Педагогикалық шеберлікті жетілдіру;
- Іс-әрекеттерді талдау және рефлексия жасау дағдыларын дамыту;
- Әдістемелік материалдар қорын толықтыру.

Қорытынды:

Жас мамандар бір жыл ішінде кәсіби тұрғыдан елеулі тәжірибе жинақтап, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын меңгерді. Алдағы уақытта олардың шығармашылық ізденісін қолдау және кәсіби дамуына жағдай жасау жұмыстары жалғастырылады.